КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 24 маусым №3115-24-00-2/1259 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.С.Сәрсенбиева қойылған талап қою бойынша азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «CAT» Карашаш Мухтаровна Егембердиева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАП АРЫЗЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 272 бабын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің 117, 267-4 бабын, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қазгидромет» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жеке кәсіпкер «CAT» Карашаш Мухтаровна Егембердиеваны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «CAT» Карашаш Мухтаровна Егембердиева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «CAT» Карашаш Мухтаровна Егембердиевадан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.С.Сәрсенбиева

Шешім 24 маусым 2024 жылы шығарылды.

Судья Б.С.Сәрсенбиева

Құжатқа қол қойылған: Сарсенбиева Б. С., 24.06.2024

Заңды күшіне енген күні: 02.08.2024, судья Сарсенбиева Б. С., 06.08.2024

ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ - Сот өндірісі - МИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство -